10. Туу, қайтыс болу және перинаталдық өлім жағдайларын куәландыратын медициналық құжаттаманың дұрыс толтырылуына, уақтылы берілуін бақылауды медициналық ұйымдардың басшылары немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар жүзеге асырады.

11. Өлімнің себептерін кодтаудың дұрыстығын бақылауды денсаулық сақтау мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының уәкілетті тұлғалары жүзеге асырады.

2. Туу туралы медициналық куәлікті толтыру және беру (№103/е-12 нысаны)

12. Тіркеу органдарында тууды тіркеу үшін туу фактісін растайтын №103/е-12 "Туу туралы медициналық куәлік" бастапқы медициналық құжаттамасының есептік үлгісі беріледі.

Дене салмағы 500 грамм және одан жоғары және гестациялық мерзімі 22 апта және одан жоғары тірі туған нәрестелердің барлық жағдайлары тіркеуге жатады.

13. Туу туралы медициналық куәлікті дәрігер ресімдейді, ол болмаған жағдайда орта медицина қызметкері ресімдейді.

14. Түсік тастаған, өлі туған жағдайда туу туралы медициналық куәлік ресімделмейді.

15. Туу туралы медициналық куәлікті тірі туудың барлық жағдайында ана босанған немесе ұйымда акушерлік төсектер бар/жоғына қарамастан босанудан кейін баламен жатқызылған стационардан шығарылуы кезінде барлық медициналық ұйымдар береді.

16. Бала медициналық ұйымнан тыс жерде туған жағдайда туу туралы медициналық куәлікті медициналық ұйым немесе жеке медициналық практикамен айналысатын, үйде босандырған жеке тұлға береді.

17. Көп ұрықты босану кезінде туу туралы медициналық куәлік туған баланың әрқайсысына туу ретіне байланысты жеке ресімделеді.

18. Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууы тіркелген жағдайда медициналық ұйым баланың жасы туралы анықтаманы рәсімдейді және бала орналастырылған медициналық ұйым бас тартылған немесе қалдырылған күннен жеті тәуліктен кешіктірмей тіркеу органдарында тіркейді.

19. Туу туралы медициналық куәлік тіркеу органдарында тіркеу үшін ата-аналарына, ондай болмаған жағдайда - тәрбиесінде болатын баланың асыраушыларына, қамқоршыларына немесе балалар мекемелерінің әкімшіліктеріне беріледі.

20. Медициналық куәліктің нөмірі, сериясы, берілген күні, тууды тіркеу жүргізілген тіркеу органы, туу актісі жазбасының нөмірі мен күні №097/у "Жаңа туған нәрестенің даму тарихы" бастапқы медициналық құжаттамасының есептік үлгісінде көрсетіледі.

21. Туу туралы медициналық куәлікте дәрігер немесе орта медицина қызметкері туу туралы медициналық куәлікті берген күні (немесе оны тіркеу органына беру күні, ұйымда туғаны тіркелген жағдайда) туралы белгі жасайды, медициналық ұйымның атауын, пошталық мекенжайын, өздерінің тегін, атын, әкесінің атын көрсетеді.

22. Туу туралы медициналық куәлікті толтыратын тұлғалар тірі туған баланың туғаны фактісін, туған жерін (медициналық ұйымның атауы немесе бала үйде, жолда және тағы басқа жағдайда туды деп көрсетеді), туған күнін, баланың жынысын, салмағын көрсетеді. Сондай-ақ баланың анасы туралы мәліметтер

көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты (жеке басты куәландыратын құжаттарға сәйкес), білімі және тұрғылықты жері.

23. Түбіртекте тиісті пункттерде жасалған туу туралы медициналық куәліктің жазбаларына толық сәйкес келетін жазбалар жазылады. Бұған қоса, жаңа туған нәрестелердің тізілімін құру кезінде терең талдау жасау үшін түбіртекке анасы туралы мынадай мәліметтер енгізіледі: туған күні, ұлты, тұратын жері (жеке басты куәландыратын құжаттарға сәйкес), отбасылық жағдайы, жүктілік, босану саны бойынша нешіншісі, босану кезіндегі жүктілік мерзімі, сондай-ақ бала туралы мәліметтер, босануда туғандығы (бір ұрықты, екі ұрықтының біріншісі немесе екіншісі, басқа көп ұрықты босануда туғандығы), Апгар шкаласы бойынша баға, тірі туу өлшемдерінің болуы енгізіледі. Жүктілік кезінде қауіп (медициналық және әлеуметтік), босану асқынулары, акушерлік емшаралар, жаңа туған кезеңнің асқынулары факторларының болуы тиісті кодтарды дөңгелетумен белгіленеді.

24. Туу туралы медициналық куәлік медициналық ұйымның немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаның мөрімен және куәлікті ресімдеген медицина қызметкерінің қолымен куәландырылады.

25. Туу туралы медициналық куәліктің түбіртегіндегі жазбалар туу туралы куәліктегі жазбалармен толық сәйкес келуі тиіс.

26. Туу туралы медициналық куәліктің үзіндісін алушы оны алғанда куәліктің түбіртегіне қол қояды.

3. Қайтыс болу туралы медициналық куәлікті толтыру және беру (№106/е-12 нысаны)

27. Өлімді тіркеу органдарында тіркеу үшін медициналық ұйымдар немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар №106/е-12 "Қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік" бастапқы медициналық құжаттаманың есептік нысанын ұсынады.

28. Нәресте өлі туғанда, бала туғаннан кейінгі 0-ден 7 тәулікке дейін шетінеген жағдайларда перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік ресімделеді.

29. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік қайтыс болған адаммен бірге тұрған адамдарға беріледі, ал ондай адамдар болмаған жағдайда мәйітті тапқан ішкі істер органдарына беріледі.

30. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті дәрігер, ал ол болмаған жағдайда - орта медицина қызметкері ресімдейді.

31. Заңнамада белгіленген тәртіппен сот-медициналық сараптау белгіленген жағдайда қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті сараптама нәтижелерін ескере отырып, сот-медициналық сарапшы ресімдейді.

32. Өлім фактісін медицина қызметкері жеке анықтамай, қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті сырттай ресімдеуге тыйым салынады.

33. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті мәйітті тексерудің, медициналық құжаттамадағы жазбалардың, науқасты бұрынғы бақылаудың немесе ашып тексеру нәтижелерінің негізінде медициналық ұйымның дәрігері (орта медицина қызметкері) немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлға береді.

34. Өлім медицина ұйымында болған жағдайда мәйітті беру қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік ресімделгеннен кейін жүзеге асырылады. Қайтыс болған адамды медицина ұйымы жерлеген жағдайда сол медицина ұйымы қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті ресімдеп, бес күн мерзім ішінде тіркеу органдарында тіркеуді жүргізеді.

35. Патологиялық анатомиялық ашу жүргізілген жағдайда қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті мәйітті ашу күні оның нәтижесі ескеріле отырып, паталогоанатом ресімдейді.

36. Тіркелген өлімнің себептерінің дұрыстығын қамтамасыз ету және тіркеу органдарында өлімнің тіркелуі мен көмуді кешіктірмеу үшін қайтыс бөлу туралы медициналық куәліктер "алдын ала", "алдын аланың орнына", "түпкілікті", немесе "түпкіліктінің орнына" деген жазумен беріледі.

37. "Алдын ала" деген белгісімен медициналық куәлік, егер өлім себептерін анықтау немесе белгілеу үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажет болса, немесе куәлік беретін кезде өлім түрі (жазатайым оқиға, өндірістен тыс немесе өндіріспен байланысты, өзін-өзі өлтіру, өлтіру) анықталмаған, бірақ алдағы уақытта анықталатын жағдайда беріледі.

Өлім мен өлім түрі анықталғаннан кейін "алдын аланың орнына" белгісімен нөмірі мен берілген күні көрсетілген жаңа куәлікті бұрынғы куәлікті берген медициналық ұйым немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлға ресімдеп, тікелей аумақтық статистика органына жібереді.

Егер "түпкілікті" белгісімен өлім туралы медициналық куәлік берілген, бірақ кейіннен диагноз жазбасында қате анықталған болса, "түпкіліктінің орнына" деп жазылған №_____ өлім туралы медициналық куәліктің орнына жаңа медициналық куәлік жасалады және тікелей аумақтық статистика органына жіберіледі, ал оның көшірмесі тіркеу аумақтық органына жіберіледі.

38. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті өлім күші көрсетуден болған деген күдік болмағанда мәйітті тексеру негізінде ғана өлімді анықтаған дәрігер береді.

Экологиялық немесе техногендік апаттарға (жер сілкіну, әуе, көлік, шахталық және адамдар жаппай қырылатын басқа да жарақаттар) байланысты ерекше жағдайларда және алдын ала тергеу жүргізген құқық қорғау органдарының келісімімен сот-медициналық сарапшыларға мәйіттің сыртынан қарау негізінде қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік беруге болады.

39. Медициналық ұйымның басшысы қайтыс болғаны туралы медициналық куәліктің дұрыс толтырылуын, олардың қайтыс болған адамның туыстарына уақтылы берілуін, сондай-ақ қайтыс болған адамды денсаулық сақтау ұйымы жерлеген жағдайда қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті азаматтық хал актілері жазбасы органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етеді.

40. Куәліктің нөмірі мен сериясы, берілген күні, өлімнің себебі, тіркеуді жүргізген тіркеу органы, өлім актісі жазбасының нөмірі мен күні №025/е "Амбулаториялық сырқаттың медициналық картасы", №003/е "Стационарлық сырқаттың медициналық картасы" немесе №096/е "Босану тарихы" бастапқы медициналық құжаттамасының есеп нысандарында көрсетіледі.

41. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәліктің бланкісінде "алдын ала", "алдын аланың орнына", "түпкілікті" немесе "түпкіліктінің орнына" деген тиісті белгілердің астын сызу арқылы оның сипаты көрсетіледі.

42. 1-5-тармақтар белгілерге сәйкес толтырылады, жеке басты куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты және әкесінің аты толтырылады.

6-7-тармақтарда тұрғылықты жері мен қайтыс болған жері туралы мәліметтер сол жердегі әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша көрсетіледі, ал мұны анықтау мүмкін болмаған жағдайда бұрын болған әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша көрсетіледі.

8-тармақта тиісті белгілердің асты сызылады.

9-тармақта ұлты жеке басты куәландыратын құжат бойынша, онда ұлты туралы жазба болмаған жағдайда көрсетілмейді.

Шетелдік азаматтың өлімін тіркеу кезінде ұлтынан басқа оның қай елдің азаматы (адамы) екендігі, сондай-ақ оның азаматтығы көрсетіледі.

Азаматтығы жоқ адамдарға "азаматтығы жоқ адам" деген сөздер қосыла отырып, ұлты көрсетіледі.

10-11-тармақтарда тиісті белгілердің асты сызылады.

12-тармақта қайтыс болған адам жұмыс істеген кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы, оның лауазымы немесе атқаратын жұмысы көрсетіледі;

әскери қызметшілерге - әскери қызметшінің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес әскери бөлімнің немесе мекеменің атауы;

зейнеткерлерге - "зейнеткер" деп жазылады және бұрынғы негізгі жұмысы көрсетіледі.

13-15-тармақтарда тиісті белгілердің асты сызылады.

16-тармақта қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті толтырған медицина қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіліп, одан әрі тиісті белгілердің асты сызылады.

17-тармақта міндетті түрде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының денсаулыққа байланысты оныншы отырысында ұсынған Аурулар мен проблемалардың халықаралық жіктемесі бойынша (АХЖ-10) өлімнің бастапқы себебі, коды (шифры) және аурудың басталған және аяқталған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі. Жарақаттанған және уланған жағдайда міндетті түрде АХЖ-10 бойынша өлімнің сыртқы себептері және коды қосымша көрсетіледі.

Өлім себептерінің жазбасы, әдетте өлімнің өзара ұштасқан және жүйелі себептерінің негізгі түйіні бақыланатын 17-тармақтың екі бөлімінде жүргізіледі.

1-бөлім төрт жолдан тұрады: "а)", "б)", "в)", "г)".

"а)" жолы тікелей өлімге әкелетін өлімнің тек бір себебін (ауру, жарақат және басқа да патологиялық жағдай) жазуға және кодтауға арналады.

"б)" жолы өлімнің аралық себебін, яғни өлімнің тікелей себебінің туындауына әкелген аралық патологиялық жағдайды жазуға және кодтауға арналады.

"в)" жолы өлімнің негізгі (бастапқы) себебін, яғни өлімге әкелген патологиялық процестің негізгі басты түйіні болып табылған ауруды, жарақатты немесе жағдайды жазуға және кодтауға арналады.

"г)" жолы өлімге әкелген сыртқы себептерді жазуға және кодтауға арналады.

2-бөлім өлімге себепші болатын, бірақ өлімнің негізгі (бастапқы) себебімен байланысы жоқ басқа да маңызды аурулар мен жағдайларды жазуға және кодтауға арналады. Мысалы, хирургиялық әрекеттердің көлемі мен күні, жүктілік мерзімі және т.б.

Өлім себептерінің жазбасына арналған аурулардан болған өлім жағдайында тек үш жол "а)", "б)", "в)" пайдаланылады, ал "г)" жолы бос қалдырылады.

Өлімнің негізгі (бастапқы) себебі ғана кодталуы тиіс.

Жарақаттанудан, уланудан болған өлім жағдайларында олардың түрі мен сипаты, сондай-ақ өлімге әкелген патологиялық процестердің тізбегі "а)", "б)", "в)" жолдарында, ал сыртқы себебі "г)" жолында көрсетіледі. Мұндай жағдайда екі жол кодталуы керек, біріншісі түрі мен сипаты бойынша жарақаттанудан, уланудан (XIX класс АХЖ-10) болған өлімнің негізгі (бастапқы) себептері көрсетілетін жол, екіншісі - барлық уақыттағы жарақаттану мен уланудың сыртқы себептері (XX класс АХЖ-10) көрсетілетін жол.

Егер өлімге әкелген патологиялық процестердің тізбегін толық және бөлшектеп анықтау мүмкін болмаса, онда өлімнің негізгі (бастапқы) себебінің жазбасы аурудың, жарақаттың өзі өлімнің негізгі (бастапқы) себебі болатын "а)" жолында көрсетіледі.

Егер өлімге әкелген патологиялық процестердің бөлшек тетігі айқындалса, жазба "б)" жолымен аяқталады.

Әрбір жолда тек бір диагноз көрсетіледі, ал жолдар жоғарыдан төмен қарай толтырылады.

1-үлгі. 1) а) Іріңді менингит

б)

в)

г)

2)

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Анықталмаған бактериалды менингит" (G00.9.) есептеледі.

2-үлгі. 1) а) Қабыну

б) Қызылша

в)

г)

2)

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Қабынудан асқынған қызылша" (B05.2) есептеледі.

3-үлгі. 1) а) Уремия

б) Атеросклеротикалық нефросклероз

в) Бүйректің айрықша зақымдалуымен гипертензиялық ауру

г)

2)

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Бүйрек кемістігімен бүйректің айрықша зақымдалуынан болған гипертониялық ауру" (I12.0.) есептеледі.

4-үлгі. 1) а) Миокардтың алдыңғы жағының жіті трансмуральды инфаркті

б)

в)

г)

2)

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Миокардтың алдыңғы жағының жіті трансмуральды инфаркті" (I21.0) есептеледі.

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып әрбір жеке патологияға арналып сипатталған барлық критерийлер ескеріледі.

Сондай-ақ, жарақаттану себебінен болған өлім жағдайларында жарақаттың дәл орны, түрі мен сипаты көрсетіледі. "а)", "б)", "в)" жолдарында жарақаттың

сипаты бойынша өлімге әкелетін себептердің тізбегі көрсетіледі, ал "г)" жолында өлімнің сыртқы себебі көрсетіледі.

- 5-үлгі. 1) а) Бас миының жарақатты ісінуі
 - б) Негізгі бас сүйектің жабық сынуы
 - в)
 - г) Қатты зат қолданылған көшедегі шабуыл
- 2)

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Бас сүйек негізінің жабық сынуы" (S02.10) есептеледі. Сонымен бірге сыртқы себебі бойынша "Қатты зат қолданылған көшедегі шабуыл" (Y00.4) екінші коды қойылады.

- 6-үлгі. 1) а) Сепсис
 - б) Ортан жіліктің созылмалы остеомиелиті
 - в) Оң жақ сан сынуының салдары
 - г) Пәтердің балконынан құлаудың салдары
- 2) Инсулинге тәуелді қантты диабет

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Санның сыну салдары" (T93.1) есептеледі және "в" жолында коды көрсетіледі. Сонымен бірге "г" жолында "Басқа да жазатайым жағдайлардың салдарлары" (Y86.9) сыртқы себептердің екінші коды көрсетіледі.

"Салдарлар" ұғымы бұрын болғанды сипаттайтын немесе кейіннен байқалған, оқиға болғаннан кейін бір жылдан не одан көп уақыттан кейін пайда болған жағдайларды білдіреді.

- 7-үлгі. 1) а) Жарақатты шок
 - б) Қанға сүйектерінің көптеген сынықтары, ішкі органдардың жыртылуы
 - в)
 - г) Автобустың поезбен соқтығысуы кезінде онда отырған адам
- 2) 28 апталық жүктілік

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Дененің бірнеше жерін қамтыған басқа да анықталған жарақаттар" (T06.8), ал сыртқы себебі бойынша "Автобустың поезбен соқтығысуы кезінде онда отырған адам" (V75.6) болып есептеледі.

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып әрбір жеке патологияға арналып сипатталған барлық өлшемдер ескеріледі.

Сондай-ақ, жарақаттану себебінен болған өлім жағдайларында жарақаттың дәл орны, түрі мен сипаты көрсетіледі. "а)", "б)", "в)" жолдарында жарақаттың сипаты бойынша өлімге әкелетін себептердің тізбегі көрсетіледі, ал "г)" жолында өлімнің сыртқы себебі көрсетіледі.

Жүкті, босанатын, босанған әйелдер қайтыс болған жағдайда жазбалар мына үлгіде жүргізіледі.

Жүктіліктің, босанудың немесе босанғаннан кейінгі кезеңнің акушерлік асқынулары нәтижелерінен, сондай-ақ босандыру және басқа да дұрыс жүргізілмеген медициналық әрекеттер нәтижесінен болған өлім жағдайында өлімнің себебі туралы мәліметтер 1-бөлімнің "а)", "б)", "в)" жолдарында көрсетіледі.

Жазбада жүктілікке, босануға, босанудан кейінгі кезеңге байланыстылығы анық көрсетілуі керек, өлім болған әрбір кезең үшін сипаттық патология көрініп тұруы тиіс. Мысалы: "Жүктіліктің 20-аптасындағы қауіп төндіретін аборт", "Босанған кезде анестезия жағдайындағы жіті жүрек кемістігі", "Босанғаннан кейінгі сепсис".

- 8-үлгі. 1) а) Қан кету
- б) Афибриногенемия
- в) Медициналық аборт
- г)
- 2) 10 апталық жүктілік

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Қан кеткен кездегі медициналық түсік" (O04.6) есептеледі.

- 9-үлгі. 1) а) өкпе артериясының тромбоэмболиясы
- б) Босануға дейінгі үлкен күре тамыр тромбозы
- в)
- г)
- 2) 32 апталық жүктілік

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Босану кезіндегі үлкен флеботромбоз" (O22.3) есептеледі.

Жүкті, босанатын, босанған әйелдер бұрынғы ауруларынан немесе жүктілік кезеңінде пайда болған аурулардан (қантты диабет, жүрек-қан тамыры, туберкулез және т.б.) қайтыс болған жағдайда мыналар басшылыққа алынады:

Егер ауру тікелей акушерлік себепке байланысты болып, бірақ жүктіліктің физиологиялық әсерінен ауырласа немесе жүктілік кезінде ауырлайтын болса, өлім себебі туралы мәліметтер 1-бөлімнің "а)", "б)", "в)" жолдарында жазылады, бірақ бұл ретте 2-бөлімде жүктілік пен оның мерзімі туралы жазба жүргізіледі.

Босанғаннан кейінгі өлімнің барлық жағдайларында (1 жылға дейінгі кезеңде) II-бөлімде жазба жүргізіледі: босанғаннан кейінгі кезең (күнінің саны көрсетіледі).

- 10-үлгі. 1) а) өкпенің ісінуі
- б) Митральды стеноз (ревматикалық)
- в)

г)

2) 28 апталық жүктілік

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Жүктілікті, босануды және босанудан кейінгі кезеңді асқындыратын қан айналымы жүйесі аурулары" (О99.4) есептеледі.

11-үлгі. 1) а) Жіті тыныс жеткіліксіздігі

б) Оң жақтың вирусты қабынуы

в) Тұмау (вирусқа ұқсамайтын)

г)

2) 40 апталық жүктілік

Кодтау кезінде өлімнің негізгі себебі болып "Жүктілікті, босануды және босанғаннан кейінгі кезеңді асқындыратын тыныс алу мүшелері аурулары" (О99.5) есептеледі.

18-тармақта тиісті бас тақырыптың асты сызылады.

Ана өлімі жүктіліктің (оның ұзақтығы мен орнығуына қарамастан) жүктілік кезеңінде немесе ол аяқталғаннан кейінгі 42 күн ішінде жүктілікке, оған салмақ түсуінен немесе оның жүрісіне байланысты қандай да бір себептен, бірақ жазатайым жағдай не оқыс оқиға салдарынан болған деп түсіндірілетін өлім ретінде айқындалады.

Кеш болған ана өлімі босанғаннан кейін 42 күннен асатын, бірақ босанғаннан кейінгі бір жылдан кем емес мерзімде болған, тікелей акушериялық себептен немесе онымен жанама байланысты өлім ретінде айқындалады.

19-20-тармақта қайтыс болғаны туралы куәлікті берген медициналық ұйымның атауы немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, олардың пошталық мекен-жайы көрсетіледі.

43. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік медициналық ұйымның немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаның мөрімен куәландырылып, куәлікті ресімдеген медицина қызметкерінің қолы қойылады.

44. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәліктің түбіртегіндегі жазбалар куәліктегі жазбаларға толықтай сәйкес болуы тиіс.

1 жасқа дейін қайтыс болған балалар үшін:

5-тармақта туған жылы, айы, күні көрсетіледі.

6-тармақта қайтыс болған жылы, айы, күні, өмір сүрген айы және күні көрсетіледі.

7-тармақта медициналық ұйымның атауы мен оның мекен-жайы жазыла отырып, туған жері көрсетіледі.

8-тармақта анасының тегі, аты, әкесінің аты толық көрсетіледі.

45. Қайтыс болғаны туралы медициналық куәліктің үзіндісін алушы оны алған кезде куәліктің түбіртегіне қолын қояды.

4. Перинаталдық өлім туралы медициналық куәлікті толтыру және беру (№106-2/е-12 нысаны)

46. Тіркеу органдарында өлі тууды немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімін тіркеу перинаталдық өлім туралы медициналық куәліктің (№ 106-2/е-12 нысан) негізінде жүргізіледі.

47. Перинаталдық өлім туралы медициналық куәлікті барлық медициналық ұйымдар немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар өмірінің алғашқы аптасындағы (туғаннан кейін 0-ден 7 тәулікке дейін немесе 168 сағат) баланың салмағы 500 грамм және одан көп (егер дене салмағы туу кезінде белгісіз болса, бойы 25 см және одан көп немесе жүктіліктің 22 апта және одан жоғары гестациялық мерзімде) болғанда тірі тууы немесе өлімінің әрбір жағдайында жасалады.

48. Өлі туу немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәресте өлімінің әрбір жағдай өлі туу немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәресте өлімінен бес тәуліктен кешіктірмей:

1) өлі туу немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімі болған медициналық ұйым;

2) медицина қызметкерлері денсаулық сақтау ұйымынан тыс болған өлі тууды немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімін анықтаған медициналық ұйым;

3) медициналық ұйымнан тыс болған өлі тууды немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімін анықтаған жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлға;

4) сот-медициналық сараптау кезіндегі сот медицинасы орталығы тіркеу органдарында тіркейді.

49. Жаңа туған нәресте шетінеген жағдайда туғаннан кейін 168 сағат ішінде туу туралы медициналық куәліктің негізінде жаңа туған нәресте бастапқыда тірі туған бала ретінде, содан кейін перинаталдық өлім туралы медициналық куәліктің негізінде өлі туған нәресте ретінде тіркеу органдарында тіркеледі.

50. Тіркеу органдарында өлі тууды немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімін тіркеу үшін өлі туу немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімі фактілерін куәландыратын №106-2/у "Перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік" медициналық құжаттамасының есептік үлгісі беріледі.

51. Перинаталдық өлім туралы куәлікті тек дәрігер, ол болмаған жағдайда - орта медицина қызметкері ресімдейді.

52. Өлі тууды немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімінің әрбір жағдайына арналған перинаталдық өлім туралы дәрігерлік куәлікті барлық медициналық ұйымдар немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар ресімдейді.

53. Өлі туу немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімі фактісін дәрігер (орта медицина қызметкері) жеке анықтамай, перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік ресімделмейді.

54. Көп ұрықты босану кезінде өлі тууды немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестенің өлімінің әрбір жағдайына перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік жеке ресімделеді.

55. Орталықтандырылған патологиялық-анатомиялық бөлімшесінде тексеру жүргізілген жағдайда оның қорытындысын ескере отырып, ашып тексерген күні перинаталдық өлім туралы медициналық куәлікті патолог-анатом ресімдейді.

Тіркеу органдарында тіркеу үшін перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік өлі туған немесе өмірінің алғашқы аптасында шетінеген нәрестелерді әкелген медициналық ұйымдарға беріледі.

56. "Алдын ала", "алдын аланың орнына" немесе "түпкілікті", "түпкіліктінің орнына" деген белгісі бар перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік тіркеу органдарына жіберіледі.

57. Перинаталдық өлім туралы қосымша мәліметтер алу қажет болған жағдайда "алдын ала" деген белгісі бар алғашқы медициналық куәлікті беруге болады. Кейіннен толықтырылған мәліметтермен "алдын аланың орнына" белгісімен жаңа куәлік ресімделеді де, нөмірі мен берілген күні көрсетіле отырып, алғашқы куәлік берген медициналық ұйым немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлға тікелей аумақтық статистика органына жібереді.

58. "Түпкілікті" деген белгісі бар перинаталдық өлім туралы медициналық куәлікті берген жағдайда, бірақ алдағы уақытта қосымша нақты мәліметтерді белгілеу кезінде қосымша мәліметтерімен перинаталдық өлім туралы "түпкіліктінің орнына" белгісімен жаңа медициналық куәлік ресімделеді де, нөмірі мен берілген күні көрсете отырып, алғашқы куәлік берген медициналық ұйым немесе жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлға тікелей аумақтық статистика органына жібереді.

59. Өлі туған жағдайда - №096/е "Босану тарихы", перинаталдық өлім болған кезде - №097/е "Жаңа туған нәрестенің даму тарихы" бастапқы медициналық құжаттамаларының тиісті есептік үлгісінде перинаталдық өлім туралы медициналық куәліктің нөмірі, сериясы, берілген күні, өлімнің себебі, тіркеу жүргізген тіркеу органы, перинаталдық өлім немесе туу актісі жазбасының нөмірі мен күні көрсетіледі.

60. Перинаталдық өлім туралы медициналық куәлікті патолог-анатом ашып-көру күнінде ресімделеді, жүктілік кезінде және босану кезіндегі ананың, баланың (ұрықтың) патологиясы туралы клиникалық деректер медициналық құжаттамадан алынады (босану тарихы - № 096/е нысан, жаңа туған нәрестенің даму тарихы - №097/е нысаны).

61. 1-5-тармақтар босану тарихының мәліметтері ескеріле отырып толтырылады. Шетінеген (өлі туған) баланың тегі, аты, әкесінің аты, жынысы (жынысы анықталмаған жағдайда ата-анасының тілегі бойынша көрсетіледі), перинаталдық кезеңде өлген немесе өлі туған баланың туған күні мен уақыты, перинаталдық өлімнің күні мен уақыты көрсетіледі (өлі туған жағдайда толтырылмайды). Баланың (өлі туған) өлім болған жері: мекенжайы (республика, облыс, аудан, қала, ауыл) және болған орны (стационарда, үйде немесе басқа жерде) көрсетіледі.

62. 6-12-тармақтарда анасы туралы мәліметтер көрсетіледі: аты, тегі, әкесінің аты, туған күні, ұлты (жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес). Анасының отбасы жағдайы туралы мәліметтер, некеде тұрғандардың - неке туралы куәлік негізінде немесе оның сөзінен неке қиған күні (Тіркеу органдарында тіркелуі) жазылады және жұбайының аты, тегі, әкесінің аты көрсетіледі. Бұл ретте "неке туралы куәліктегі жазба негізінде" немесе "анасының сөзінен" деген тиісті мәтіннің астын сызу арқылы ақпарат көзі көрсетіледі. Егер анасы көрсетілген мәліметтерді бермесе, "некеде тұрмаған" деген сөздердің астын сызу қажет.

Өлген (өлі туған) баланың анасының тұрғылықты жері, білімі. Анасының жұмыс орны және оның жұмысы (лауазымы немесе орындалатын жұмысы) көрсетіледі. Осы тармақты толтыру кезінде кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның толық атауын көрсету қажет. Егер анасы жұмыс істемесе, өмір сүру көзі (жұбайының, әкесінің және т.б қамқорлығында) көрсету қажет.

63. 13-23-тармақтарда бұдан бұрын болған жүктілік туралы, осы жүктілік пен босанудың мерзімі, өтуі және асқынулары туралы мәліметтер көрсетіледі.

64. 24-30-тармақтарда босану тарихынан енгізілген бала туралы мәліметтер көрсетіледі.

65. Перинаталдық өлім себептерінің толықтығы мен нақтылығы перинаталдық өлімнің әрқилы себептерін анықтау үшін қажет.

Перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес әзірленген ұрыққа қолайсыз әсер еткен ана ағзасы тарапынан патология мен бала (ұрық) өлімінің себебін жазуды көздейді.

Бала (Ұрық) өлімінің және өлі туу себептерін жазу тиісті 31-тармақтың "а"-дан "д"-ға дейінгі әріптермен белгіленген бес жолында және Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының денсаулыққа байланысты оныншы отырысында

Ұсынған Аурулар мен проблемалардың халықаралық жіктемесі бойынша (АХЖ-10) кодтауы бойынша жүргізіледі.

"а" жолы өлімге себеп болған жаңа туған нәрестенің (Ұрықтың) бір негізгі ауруларын немесе патологиялық жағдайын жазуға арналған;

"б" жолы өлімге себеп болған баланың (Ұрықтың) өзге де ауруларын немесе жағдайын жазуға арналған;

"в" жолы жаңа туған нәрестеге (Ұрыққа) қолайсыз әсер еткен анасының негізгі ауруларын немесе жағдайын жазуға арналған;

"г" жолы балаға (Ұрыққа) қолайсыз әсер еткен анасының өзге де ауруларын (немесе анасының, баланың жолдасының жағдайы) жазуға арналған;

"д" жолы өлімге себеп болған, бірақ ананың немесе баланың ауруы немесе патологиялық жағдайы ретінде бағаланбайтын жағдайларды белгілеуге арналған. Бұл жолда босандыру мақсатында қолданған операциялар, операциялық құралдар жазылады.

"а" және "в" жолына бір ғана диагноз жазылады. Егер балаға (ұрыққа) қолайсыз әсер ететін ауруды немесе ананың жағдайын немесе баланың жолдасының жағдайын анықтау мүмкін болмаған жағдайда "в)" және "г)" жолдарында "белгісіз", "анықталған жоқ" деп жазу қажет, сызықша қойылмайды.

Сыртқа себептерден өлім болған жағдайда "а" жолында бала өлімінің тікелей себебі көрсетіледі, мысалы, тоңу, күйік, тыныс жолдарының тамақпен бітелуі, бас сүйегінің сынуы, "в" жолында - өлімге тікелей әсер еткен жағдайлар.

66. Мынадай үлгілер перинаталдық өлім себебін жазу және оларды статистикалық әзірлеме үшін іріктеу тәртібін көрсетеді:

1) Қан тобының теріс резусі бар әйел жүктілікке дейін митральды қақпақшасының функциясы жетіспеушілігімен жүректің митральды кемістігіне шалдыққан. Жүктілік кезінде декомпенсация белгісі байқалмаған. 12 апта жүктілік кезінде антиденелер пайда болып, титрлері өсе бастаған. 35 апталық жүктілікте өлі ұрықпен өз бетінше босанды. Ұрықтың жүрек соғуы босану басталысымен тыңдалмады.

Өлі туу себебі туралы жазба:

а) гемолитикалық ауру

б) ----

в) ананың қаны теріс резусті, антиденелердің жоғары титрімен

г) митралдық қақпақшасының функциясы жетіспеушілігімен жүректің ревматикалық кемістігі

д) ----

Шифрлеу кезінде үйлесімсіз резуспен гемолитикалық ауру негізгі себебі деп есептеледі.

2) әйел жүкті болғанға дейін несеп-тас ауруы мен созылмалы пиелонефритпен ауырды. Жүктіліктің бірінші жартысында созылмалы пиелонефрит өршіді. 38-аптада қызуы көтерілді, бактериуриясы бар созылмалы пиелонефрит қайталап өршіді. Алғашқы тәуліктерде созылмалы пиелонефриттің өршуінен Ұрықтың жатырда өлуі анықталды. Екінші тәулікте өз бетімен салмағы 2600 грамм өлі Ұрық туды. Тексергенде гипотрофия жағдайындағы антенаталды асфиксия белгілері анықталды. Өлі туу себебі туралы жазбада:

- а) антенаталды асфиксия;
- б) жатырдағы гипотрофия;
- в) созылмалы пиелонефрит;
- г) несеп-тас ауруы көрсетіледі;
- д) ----

Шифрлеу кезінде босанғанға дейін алғаш анықталған жатырдағы гипоксия, созылмалы пиелонефрит негізгі себебі деп есептеледі.

3) 21 жастағы әйел, сыртартқыда бір медициналық аборт. Жүктілік асқынбай өтті. Жанбастың көлемі қалыпты. Босанудың екінші кезеңінде босану функциясының әлсіздігі тіркелді, босандыру жүргізілді. Ұрықтың гипоксиясы басталуына байланысты қуыстық қысқаштар қойылды. Өлі туған ұл бала алынды, бойы 53 см, салмағы 3500 грамм. Реанимация шаралары нәтиже берген жоқ.

Ашып-көру кезінде: мишық түйінінің жыртылуы, кефалогематогема. Перинаталдық өлімнің себептері:

- а) босану кезіндегі жарақат
- б) басталған асфиксия
- в) босану функциясының әлсіздігі
- г) босандыру, қуыстық қысқыштар

Шифрлеу кезінде босану кезіндегі жарақат, босану функциясының әлсіздігі негізгі себебі деп есептеледі.

4) Плацентаның алдыңғы жақта жатуынан қан кетуге байланысты жүктіліктің 32-аптасында жүктілік токсикозы бар әйелге кесар тілу операциясы жасалды. Салмағы 1480 грамм нәресте 16 сағаттан кейін қайтыс болды. Тексерген кезде гиалинді жарғақша ауруы анықталды. Медициналық куәлікте:

- а) гиалинді жарғақша ауруы;
- б) күні жетпейтіндігі;
- в) плацентаның алдыңғы жақта жатуы;
- г) жүктілік токсикозы;
- д) кесар тілігі көрсетіледі.

Кодтау кезінде "плацентаның алдыңғы жақта жатуы" перинаталдық өлімнің негізгі себебі деп есептеледі.

67. Перинаталдық өлім туралы медициналық куәліктің түбіртегіндегі жазбалар куәліктегі жазбалармен толық сәйкес келуі тиіс. Қосымша, жаңа туған нәрестелердің тізілімін құру кезінде өлім (өлі туу) себептерін нақтылап талдау үшін түбіртекте анасы туралы мәліметтер көрсетіледі: дәрігердің (фельдшердің, акушердің) келу саны, осы жүктіліктен бұрын болған жүктіліктер, босану асқынулары (мәтінде тиісті кодтарды сызу қажет) немен аяқталғаны, осы жүктілік қаупінің медициналық және әлеуметтік факторлары, акушерлік емшаралар. Сонымен бірге бала туралы мәліметтер көрсетіледі: ана туған баланың нешіншісі, тірі туу өлшемдерінің болуы, Апгар шкаласы бойынша бағалау, жаңа туу кезеңінің асқынулары, туа біткен ауытқулар. Түбіртекке баланың тууы туралы және тірі тууы жағдайында оның қайтыс болуы туралы акттік жазбалардың күндері мен нөмірлері, өлі туған жағдайда қайтыс болуы туралы акттік жазбаның күні мен нөмірі көрсетіледі.

68. Перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік медициналық ұйымның немесе жеке практикамен айналысатын жеке тұлғаның мөрімен және куәлік берген медицина қызметкерінің қолымен куәландырылады. Перинаталдық өлім туралы медициналық куәліктің үзіндісін алушы оны алғаны туралы куәліктің түбіртегіне қол қояды.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2012 жылғы 31 шілдедегі № 514
бұйрығына
26-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2010 жылғы 23 қарашадағы № 907
бұйрығына
3-қосымша

Нысан

А4 форматы Формат А4	ҚҰЖЖ бойынша ұйым коды _____ Код организации по ОКПО
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы "23" қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 003-2/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма 003-2/у Утверждена приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от "23" ноября 2010 года № 907

**Күндізгі стационар (емхана, аурухана), үйдегі стационар науқасының
КАРТАСЫ**

11. Бекітілген МҰ-ның коды мен аты (Код и название МО прикрепления) _____

--

12. Осы ауру салдарынан биылғы жылы күндізгі стационарға жатуы (Проходил лечение в дневном стационаре в данном году по поводу данного заболевания): бірінші рет (впервые) – 1, қайталап (повторно) – 2

13. Хирургиялық операциялар (Хирургические операции)	АХЖ-9 коды (код по МКБ-9КМ)	Өткізу мерзімі мен уақыты Дата и время проведения

14. Емді бастаған күні (Дата начала лечения) _____ / _____ / _____
кк/аа/жж (дд/мм/гг)

15. Емді аяқтаған (қайтыс болған) күні (Дата окончания лечения (смерти) _____
/ _____ / _____
кк/аа/жж (дд/мм/гг)

16. Өткізген күндері (Проведено дней) _____

17. МЭХ (МЭП) № _____

17. ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ДИАГНОСТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

Тағайындалғанды (астын сызыңыз) Назначено (подчеркнуть)	Орындалды (күні,колы) Выполнено (дата,подпись)
ЭКГ	
Эндоскопиялық зерттеу (Эндоскопическое исследование)	
Ультрадыбыстық зерттеу (Ультразвуковое исследование)	
Ro – скопия (графия) _____	
Зертханалық зерттеулер (Лабораторные исследования)	

Шағымы (Жалобы) _____

Қысқаша сыртартпасы (Краткий анамнез) _____

Объективті статусы (Объективный статус) _____

БАҚЫЛАУ КҮНДЕЛІГІ
ДНЕВНИК НАБЛЮДЕНИЯ

Тағайындалымдардың орындалуы мен бақылау күнделігі
 Дневник наблюдения и выполнения назначений

Тағайындалымдар Назначения	Орындалу күні (Дата выполнения)	Қолы (Подпись)
1. Емдеуші дәрігердің тексеріп-қарауы (Осмотр лечащего врача)		
2. Учаскелік мейірбикенің тағайындалымдарын орындауы (Выполнение назначений участковой медсестрой)		
3. Мамандардың консультациясы Консультации специалистов		

18.	Диагнозы	АХЖ-10 коды (код по МКБ-10)
Қорытынды клиникалық диагнозы Клинический диагноз		
Патологоанатомиялық диагнозы Патологоанатомический диагноз		

19. Уақытша еңбекке жарамсыздық парағы (Листок временной нетрудоспособности)

(с) _____ бастап (по) _____ дейін

20. Емдеу немен аяқталды (Исход лечения): сауығумен (выздоровление) – 1, жақсарумен (улучшение) – 2, өзгеріссіз (без перемен) – 3, нашарлаумен (ухудшение) – 4, қайтыс болу (смерть) - 5, стационарға ауыстыру (қай стационарға екенін көрсету) перевод в стационар (указать какой)

20 __ жыл (год) " ____ " _____

Емдеуші дәрігердің қолы (Подпись лечащего врача) _____

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрінің м.а.
 2012 жылғы 31 шілдедегі № 514
 бұйрығына
 27-қосымша

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрінің м.а.
 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907
 бұйрығына
 3-қосымша

А4 форматы Формат А4	ҚҰЖЖ бойынша ұйым коды _____ Код организации по ОКПО
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы "23" қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 001-3/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма 001-3/у Утверждена приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от "23" ноября 2010 года № 907

Стационарға*, күндізгі стационарға** емдеуге жатқызуға ЖОЛДАМА

(керектісінің астын сызыңыз)

НАПРАВЛЕНИЕ

на госпитализацию в стационар*, в дневной стационар **

(нужное подчеркнуть)

Код _____

Жіберуші медициналық ұйымының атауы (Наименование направляющей
медицинской организации)

Жіберілді (Направляется в) _____

МҰ атауы, бөлімше (наименование МО, отделение)

Науқастың ТАӘ (ФИО больного (ой)) _____

Туған күні (Дата рождения)

--	--	--	--	--	--	--	--

Амбулаториялық пациенттің медициналық картасының № _____

(№ медицинской карты амбулаторного пациента)

Мекенжайы (Домашний адрес) _____

Жұмыс немесе оқу орны (Место работы или учебы)

Диагнозы _____

АХЖ-10 коды (код по МКБ-10) _____

20 __ жылғы (года) " _____ " _____

Дәрігер (Врач) __ ТАӘ, дәрігердің коды (ФИО, код врача) __ колы (подпись)

* Стационарға науқасты жоспарлы емдеуге жатқызуға дербес медициналық ұйымдардың жіберуге құқығы бар (на плановую госпитализацию больных в стационар имеют право направлять самостоятельные медицинские организации)

** Күндізгі стационарға науқасты емдеуге жатқызуға медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының барлық құрылымдық бөлімшелері жіберуге құқығы бар (на госпитализацию больных в дневной стационар имеют право направлять все структурные подразделения организаций первичной медико-санитарной помощи)

"Стационарды таңдаумен келісемін " "С выбором стационара согласен"

Науқастың колы _____ Подпись больного _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2012 жылғы 31 шілдедегі № 514
бұйрығына
28-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2010 жылғы 23 қарашадағы № 907
бұйрығына
3-қосымша

Нысан

А4 форматы Формат А4	ҚҰЖЖ бойынша ұйым коды _____ Код организации по ОКПО
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы "23" қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 001-3/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма 001-3/у Утверждена приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от "23" ноября 2010 года № 907

Медициналық ұйым (Медицинская организация) _____ Код _____

Медициналық тіркеу нөмірі (МТН)

(Регистрационный медицинский номер (PMH))

!_!_!_!_!_!_!_!_!_!_!_!_!_!

Амбулаториялық картаның № (№ амбулаторной карты) _____

Учаске (ОДА) № (участка СВА) _____

АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ПАЦИЕНТТІҢ КАРТАСЫ

КАРТА АМБУЛАТОРНОГО ПАЦИЕНТА

1. Тегі (Фамилия) _____

Аты (Имя) _____ Әкесінің аты (Отчество) _____

2. Туған күні (кк/аа/жжжж) (Дата рождения) (дд/мм/гггг) ___/___/___

3. Жынысы (Пол): 1- ер (муж), 2 – әйел (жен)

4. Мекенжайы (Место жительства) _____

5. Бекітілген тұрғын (Прикрепленный житель): 1 – иә (да), 2 – жоқ (нет).

5.1. Тұрғыны (Житель): 1 – қаланың (города); 2 – ауылдың (села)

5.2. Оралман: 1 – иә (да), 2 – жоқ (нет).

6. Қаржыландыру көзі (Источник финансирования): 1 – бюджет; 2 – ЕМС (ДМС); 3 – ақылы қызмет (платные услуги).

6.1. Сақтандыру компаниясының атауы (Наименование страховой компании) _____

Сақтандыру полисінің № (№ страхового полиса) _____

7. Жеңілдік алушылар категориясы (Категории льготников) 1–ҰОСМ (ИОВ); 2–ҰОСҚ (УВОВ); 3–интернационалист-жауынгер (воин-интернационалист); 4–бала кезінен мүгедек (инвалид детства); 5–ауруы бойынша мүгедек (инвалид по заболеванию); 6–басқа жеңілдік алушылар (прочие льготники)

8. Қаралу себебі (Повод обращения): ауру (заболевание); профилактикалық тексеріп-қарау (профилактический осмотр); диспансерлеу (диспансеризация); екпе (прививка); медициналық-әлеуметтік (медико-социальный); басқалар (прочие); зақым (травма) (тек бір себепті сызыңыз) (подчеркнуть только один повод);

8.1. Зақым түрі (Вид травмы): 1- Өндіріспен байланысты (Связанная с производством): өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, жол-көліктік, басқалар (в промышленности, в сельском хозяйстве, дорожно-транспортная, прочая); 2- Өндіріспен байланыссыз (Не связанная с производством): тұрмыстық, көшеде, жол-көліктік, спорттық, мектепте, басқалар (бытовая, уличная, дорожно-транспортная, спортивная, школьная, прочая);

8.2. Кім жіберді (Кем направлен): 1 - ОДА (СВА); 2 – жедел жәрдем (скорой помощью); 3 – стационар (стационаром); 4 - өздігінен (самостоятельно).

9. Келуі (Посещения):

Күні Дата	Келу * түрі В и д * посещения	Дәрігеркоды Код врача	Күні Дата	Келу * түрі В и д * посещения	Дәрігер коды Код врача	Күні Дата	Келу * түрі В и д * посещен	Дәрігер коды Код врача

- Е (П) – Емхана (Поликлиника); Ү (Д) – үйінде (на дому); ҮҚ (А) – үйінде карау (актив на дому); М (Ш) – мектепте (балабақшада) (в школе (детском саду));

- Ұ (О) – ұйымда (в организации); Б - күндізгі стационар (дневном стационаре); ҮС (С) – үйдегі стационар (в стационаре на дому).

10. Стационарда өткізген төсек-күндері (Проведено дней в стационаре):
күндізгі (дневном) _____ үйіндегі (на дому) _____

ауруы бойынша (по заболеванию) _____ АХЖ-10 коды (код МКБ-10) _____ 11. Қорытынды диагноз (Заключительный диагноз)	АХЖ-10 коды (Код МКБ-10)	Түрі (Тип) 1,2,3*

*) Диагностардың әрқайсысы үшін (Для каждого из диагнозов): 1 - ушыққан ауру (острое заболевание); 2 - өмірінде бірінші рет анықталған созылмалы немесе бірінші рет анықталған (впервые в жизни зарегистрированный хронический или установленный впервые); 3 - бұрыннан белгілі созылмалы (известное ранее хроническое).

12. Диспансерлеу (Диспансеризация)

Диагнозы	АХЖ-10 коды (Код МКБ- 10)	1-алынды (взят) 2-есепте состоит) 3-шығарылды (снят)	Есептен шығарылу себебі * (Причина снятия с учета *)	Келесі келу күні (Дата следующей явки)	Дәрігердің коды (Код врача)

*) 1 - жазылу (выздоровление); 2 - 15 жасқа толды (достигнуто 15 лет); 3 - басқа жаққа кетті (выезд); 4 - қайтыс болды (смерть)

13. Емшаралар мен талдаулар (орындалған) (Процедуры и анализы (выполненные))

Маманның коды (Код специалиста)	Аттары Названия	Тарификатор бойынша коды (Код по тарификатору)	Саны (Количество)

14. Қабылдау кезінде және үйінде дәрігердің жасаған операциялары мен манипуляциялары

Операции, манипуляции, выполненные врачом на приеме и на дому:

Күні Дата	Атауы Наименование	Операция коды Код операции	Дәрігердің коды Код врача

15. Қаралу нәтижесі (Исход обращения): 1 - сау (здоров); 2 – жазылды (выздоровление); 3 - өзгеріссіз (без перемен); 4 – жақсарды (улучшение); 5 – ауруханаға жатқызылды (госпитализация); 6 – медициналық-әлеуметтік сараптамасына - болған жағдайда (бұдан әрі – МӘС) жіберілді (направлен на медико-социальную экспертизу – при наличии (далее - МСЭ); 7 – өлім (смерть); 8 – науқастың бас тартуы (отказ больного); 9 - басқа жаққа кетуі (выезд); 10 –

егілді (привит); 11 – басқалар (прочие); 12 – Емханалық қаралу оқиғасы - болған жағдайда (бұдан әрі – ЕҚО) жалғасуы (продолжение случая поликлинического обращения – при наличии (далее - СПО); 13 – КДЕ (КДО) жолданды (направлен в КДП (КДЦ).

16. ЕҚО (СПО): 1 – аяқталды (завершен); 2 - аяқталмады (не завершен)

17. Дәрігер (Врач): ТАӘ (ФИО) _____

Код _____ Қолы (Подпись) _____

18. ЕҚО аяқталған күн (Дата завершения СПО) _____ жылғы (год) “ _____ ” _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2012 жылғы 31 шілдедегі № 514
бұйрығына
29-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2010 жылғы 23 қарашадағы № 907
бұйрығына
3-қосымша

Нысан

А4 форматы Формат А4	ҚҰЖЖ бойынша ұйым коды _____ Код организации по ОКПО
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы "23" қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 025-8/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма 025-8/у Утверждена приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от "23" ноября 2010 года № 907

Амбулаториялық картаның № (№ амбулаторной карты) _____

учаске № (№ участка) _____

Профилактикалық медициналық тексеріп-қарау (скрининг) үшін
АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ПАЦИЕНТТІҢ КАРТАСЫ
КАРТА АМБУЛАТОРНОГО ПАЦИЕНТА
для профилактического медицинского осмотра (скрининга)

1. Тегі (Фамилия) _____

Аты (Имя) _____ Әкесінің аты (Отчество) _____

жоқ (нет); 2 – иә (да) (иә болса, бір аптадағы тұтыну нұсқасын көрсетіңіз) (если да, то указать вариант еженедельного потребления): сыра (пиво): ішпеймін (не употребляю), 2,0 л дейін (до 2,0 л), 2,0 л астам (более 2,0 л); шарап (вино): ішпеймін (не употребляю); 840 мл дейін (до 840 мл), 840 мл астам (более 840 мл); арақ және басқа күшті ішімдіктер (водка и другие крепкие напитки): ішпеймін (не употребляю), 175 мл дейін (до 175 мл), 175 мл астам (более 175 мл).

16. Артериялық қан қысымы (Артериальное давление) систоликалық/диастоликалық (систолическое/диастолическое) 1-сі (1-е) _____ / _____, 2-сі (2-е) _____ / _____, орташа (среднее) _____ / _____

17. Ата-аналарда жүрек аурулары (гипертония, жүректің ишемиялық ауруы) бар ма (Имеются ли у родителей болезни сердца (гипертония, ИБС): 1 – жоқ (нет); 2 – иә (да)

18. Сізде жүрек ауруы (гипертония, жүректің ишемиялық ауруы) бар ма (Имеются ли у Вас болезни сердца (гипертония, ишемическая болезнь сердца): 1 – жоқ (нет); 2 – иә (да)

19. Тыныш отырғанда немесе ашуланғанда (психоэмоционалдық, физикалық салмақ түскенде), Сіздің кеудеңіз ауыра ма немесе өзіңізді ауыр сезінесіз бе, ал ондай күй өткеннен кейін 10 минутта ауырғаны қойса немесе жүрек ырғағында ауытқулар бола ма (Появляется ли у Вас боль или другие неприятные ощущения за грудиной в покое или при нагрузке (психоэмоциональная, физическая), проходящие при ее отмене в течение до 10 минут или перебои в ритме сердца): 1 – жоқ (нет); 2 – иә (да)

20. Сіздің басыңыз ауыра ма (Отмечаются ли у Вас головные боли): 1 – жоқ (нет); 2 – иә (да)

21. Сізде артериялық қан қысымы көтерілуі байқала ма (Отмечается ли у Вас повышение артериального давления): 1 – жоқ (нет); 2 – иә (да)

22. Профилактикалық медициналық тексеріп-қараудың нәтижелері (Результаты профилактического медицинского осмотра):

22.1 – Дені сау (Здоров(-а));

22.2 – Қауіп тобы (Группа риска); 22.3 – Бұрын анықталған созылмалы аурулар (Ранее установленные хронические заболевания):

_____ АХЖ-10 шифры (шифр МКБ-10) _

_____ АХЖ-10 шифры (шифр МКБ-10) _

_____ АХЖ-10 шифры (шифр МКБ-10) _

23. Дәрігерге жіберілді (Направлен к врачу): педиатрға

; терапевтке

; хирургқа

; невропатологке

; оториноларингологқа

; кардиоревматологқа

; кардиологқа

; гастроэнтерологке

; нефрологқа

; окулистке

; аллергологқа

; гематологқа

; гинекологқа

; дерматовенерологқа

; онкологқа

; эндокринологқа

; урологқа

; стоматологқа;

және басқа (прочие)

.

24. Профилактикалық медициналық тексеріп-қарау өткізілген күн (Дата проведения профилактического медицинского осмотра): _____ жылғы (год) _____

25. Профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды өткізген тұлғаның ТАӘ (ФИО лица, проводившего профилактический медицинский осмотр) _____

26. Қанайналым жүйесінің ауруларын анықтау мақсатында өткізілген зерттеулердің нәтижелері (Результаты обследования на выявление болезней системы кровообращения)

26.1 Электрокардиограмма - болған жағдайда (бұдан әрі – ЭКГ) (электрокардиограмма – при наличии (далее - ЭКГ): 1 – қалыпты (норма), 2 – патология

26.2 Холестерин деңгейі (уровень холестерина): 1. <5,2 ммоль/л, 2. >5,2 ммоль/л,

26.3 Триглицеридтер деңгейі (уровень триглицеридов) 1. =0,5-2,1ммоль/л, 2. >2,1ммоль/л,

26.4 Глюкоза (35 жастан асқан тұлғалар үшін) (для лиц старше 35 лет) 1 =3,88 -5,55 ммоль/л, 2. >5,55 ммоль/л,

27. Әйелдерді тексерудің нәтижелері (Результаты обследования женщин):

27.1 Сүртінділердің цитологиялық зерттеуі, 35, 40, 45, 50, 55 және 60 жас (Цитологическое исследование мазков, 35, 40, 45, 50, 55 и 60 лет): 1 - қалыпты (норма); 2 - LSIL (CIN); ASC-US; 3 - HSIL (CIN II, CIN III), ASC-H, AGC, AIS; 4 - инвазивтік обыр (инвазивный рак).

27.2 Маммография (50, 52, 54, 55, 56, 58 және 60 жас) (50, 52, 54, 55, 56, 58 и 60 лет): 1 – патология жоқ (без патологии); 2 – сүт безінің қатерсіз ауруы (доброкачественные заболевания молочной железы); 3 –1 см дейін ісік түйінімен сүт безі обыры (рак молочной железы с опухолевым узлом до 1 см); 4 – сүт безі обыры 1 см астам ісік түйінімен (рак молочной железы с опухолевым узлом более 1 см); 5 – ісік түйінісіз сүт безі обыры (рак молочной железы без тени узла) ; 6 – сүт безі обырының ісіктік-инфилтративтік түрі (отечно-инфилтративная форма рака молочной железы)

27.3 Кольпоскопия (35, 40, 45, 50, 55 және 60 жас) (35, 40, 45, 50, 55 и 60 лет): 1 – өткізілді (проведена), 2 – өткізілмеді (не проведена)

28. Бекітілген тұрғын (Прикрепленный житель): 1 – жоқ (нет); 2 – иә (да)

29. Қаралулар (Посещения):

Күні (Дәрігер коды	Күні (Қаралу* түрі	Дәрігер коды	Күні	Қаралу* түрі	Дәрігер коды	Күні	Қаралу* түрі	Дәрігер коды
-----------	-----------------	-----------	-----------------	-----------------	------	-----------------	-----------------	------	-----------------	-----------------

Дата)	Қаралу * түрі (Вид * посещения)	(Код врача)	Дата)	(Вид * посещения)	(Код врача)	()	Дата)	(Вид * посещения)	(Код врача)	()	Дата)	(Вид * посещения)	(Код врача)

*МСАК (ПМСП); Ү (Д) – үйінде (на дому); ҮҚ (А) – үйінде қарау (актив на дому); М (Ш) – мектепте (бала бақшада) (в школе (детском саду)); Ұ (О) – ұйымда (в организации); Б - күндізгі стационарда (дневном стационаре); ҮС (С) – үйдегі стационарда (в стационаре на дому).

30. Консультациялар мен тексеру түрлері (консультации и виды обследования)

Кабинеттің № № кабинета	Бөлімше Отделение	Зерттеу коды Код исследования
	Жалпы клиникалық зерттеулер Общеклинические исследования	
	Биохимиялық зерттеулер Биохимические исследования	
	Флюорография	
	Маммография	
	ЭКГ	
	Көз түбінің тонометриясы Тонометрия глазного дна	
	Сүртінділердің цитологиясы Цитология мазков	
	Ультрадыбыстық диагностика Ультразвуковая диагностика	
	Рентгендиагностика	

	Кольпоскопия	
	Дәрігер-консультант Врач-консультант	
	Дәрігер-консультант Врач-консультант	
	Дәрігер-консультант Врач-консультант	
	Дәрігер-консультант Врач-консультант	
